

"Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы" Жақсы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 наурыздағы № 7ВС-23-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 22 шілдедегі № 7ВС-32-3 шешімі

Жақсы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентін бекіту туралы" Жақсы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 наурыздағы № 7ВС-23-2 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Жақсы ауданының елді мекендері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиналысы регламентінің 1-тарауының 3-тармағындағы "1) 2 мың халыққа дейін – жиналыстың 4-5 мүшесі;" деген жол алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы аудандық
мәслихатының хатшысы*

Д.Пшембаева